# Бабалар мұрасы



Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы

Облыстық халық шығармашылығы орталығы

# Бабалар мұрасы

435788

## (Сирек орындалатын күйлер жинағы)

Жұбан Молдағалиев атындағы
Батыс Қазақстан облыстық
ғылыми-әмбебап кітапханасы
Мемлекеттік мекеме
Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы Киров көшесі, 47

Орал қаласы
2005 жыл

Бұл басылым Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы,
облыстық халық шығармашылығы орталығының тапсырысы бойынша
«Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде шығарылып отыр.

Жинақтаған: Халық шығармашылығы бөлімінің маманы
Каримуллин Абзал Болатұлы

Бұл жинаққа ұлы күйшілердің
сирек орындалатын күйлері мен өмірбаяндары енгізілген

© Облыстық халық шығармашылығы орталығы, 2005

# Алғы сөз



Қазақ халқы өзінің мыңдаған жылдар бойы тарихында жасалған баға жетпес қордаланған мұралық музыкалық мәдениеті мен дәстүрлерін күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Тарихтың ұзақ көшінде қазақ халқы ғана тудыра алатын аса ерекше асқақ сезімде дамыған өнердің бірі де, бірегейі бұл - күй өнері. Ұлы дала салтында халық, он саусағынан күй төгілген күйшілерін ел ханымен қатар қойып, елдің ең құрметті азаматтарына балаған. Осы орайда, өнер тарихында баға жетпес құнды шығармалары мен елдің өткені мен келешегін - күй тілімен жеткізе білген, аттары аңызға айналған һас өнер шеберлерінің, сирек орындалатын күйлерін ел арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Бабалар мұрасы» атты Батыс өңіріндегі ұлы күйшілердің күй топтамалары жарық көріп отыр. Бұл кітап сан ғасырлар көшінде халықтың музыкалық қазына байлықтарын одан әрі дамытып, келер ұрпаққа әр күйшінің өмір сүрген ортасы мен туындыларын сол қалпында жеткізуге септігін тигізетініне сенім білдіремін. Кітапқа ұлы күйшілер Мүсірәлі, Дәулеткерей, Құрманғазы, Мәмен, Сейтек, Дина сынды ұлылардың сирек орындалатын күй туындылары, және сол мұраны кейінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізе білген дарабоз домбырашылар Қали Жантілеуов пен Науша Бөкейхановтардың өмір - өнер жолдары еніп отыр. Жоғарыда айтылғандай қазақ халық композиторларының күйлері қазіргі таңда сахна төрлерінде сирек ойналып жүр. Орындалатын болса тыңдаушысы домбыра шертпейтін болса да күйдің не жөнінде, немесе мәнін айтпай-ақ та түсінері сөзсіз. Әр күйдің өзіндік тарихы бар. Бірі қуанышты, көңілді болса, бірі қайғылы мұңды болады. Ал кейбір күйлерді тыңдағанда көз алдыңызға бишінің мың бұралған биін елестетсеңіз, кейбір күйлер мысалы: - Дәулеткерейдің «Салық өлген», Құрманғазының «Сары көл самар» күйлері атына байланысты түсіндіруді қажет етпейді. Мүсірәлінің «Қу жетім», Мәменнің «Қайғылы қара» күйлері өзінің атымен терең мазмұнына түсінік береді. «Бабалар мұрасы» кітабы ел арасында сирек орындалатын ұлы күйшілердің шығармаларымен танысамын деушілерге зор септігін тигізеді деп есептеймін.

**Қазақстан Республикасының**
**Еңбек сіңген мәдениет қызметкері**
**күйші - Ермек ҚАЗИЕВ**

Қазақтың күйшілік дәстүрінде аттары аңызға айналған біртуар ірі дарындардың есімдері өнер тарихында алтын әріптермен жазылып қала бермек. Күй - тарихтың өткені мен бүгінін көз алдыңа әкелетін ерекше қасиеттерімен сипатталады. Бұл - өнерді өмір салты еткен елдің ортасында болатын табиғи жағдай. Көшпелілер өмір салтында өнер, тек қана эстетикалық – эмоциялық әсер берумен шектелмейді. Ол сонымен бірге адамдар арасындағы қарым – қатынасқа дәнекер болып, салт – дәстүрлерді орнықтырып, қоғамдық өмірді реттеп отыруға тікелей араласады. Көшпелі қоғамдағы қазақ өнері жеке адамдар денгейінде өмір сүрумен әсте шектелмеген. Өнердің кез келгені бүкілхалықтық денгейде көрініс тауып отырған. Өйткені, өнер көшпелілердің бір–бірімен қарым – қатынасының тілі, өмірлік мұқтаждарының айғағы. Олар өз өмірлерін әсем сазды бесік жырымен бастап, эпикалық жоқтаулармен аяқтап отырған. Сондықтан да, мұндай талғампаз ортада мойындалатын өнерпаздардың дарыны мейлінше тегеруінді болып келеді. Ондай дарынды өзінің айналасына қанатты өнердің шапағаты мол шуағын шашып, өзінен кейінгі өкше басар ұрпақтың рухын мейлінше шыңдап кетіп отырған. Мұндай дәстүрдің айғағын әйгілі күйшілер Мүсірәлі, Дәулеткерей, Құрманғазы, Мәмен, Сейтек, Дина, Науша, Қали, Оқаптардан көруге болады.

Күй өнері – шексіз өнер. Оны түсіну, игеру адамзат мәдениеті қанша жасаса, сонша кезеңде жалғасып отырады. Күй өнерін XX ғасырда қазақ және орыс ғалымдары зерттеп, өздерінің симфониялық және оперялық шығармаларында кеңінен пайдаланған. Күйдің өз тыңдаушысы, оны жанымен ұғып бағалайтын өнер сүйер қауымы баршылық және олардың көкжиегі кеңейе түсуде. Қазақ күйлері қазір өз отаны Қазақ елі шеңберінен шығып, Еуропа мен Американың, шырайлы Шығыс елдерінің салтанатты сахналарынан да естілуде.

# Мүсірәлі Бердіәліұлы

XVIII – ші ғасырда Бөкей ордасында өмір сүрген күйші – композитор. Мүсірәлі – белгілі күйші Дәулеткерей Шығайұлын домбырашылық өнерге баулып, алғашқы ұстазы ретінде танылған тұлға. Мүсірәлі домбыраға бала кезінен-ақ ерекше таныла білген. Өзі де бірнеше күй шығарған. Әсіресе Мүсірәлінің "Ортба", "Қу жетім", "Кенжебай" сияқты күйлері ерекше сазды. Мүсірәлі Жәңгірханның тұсында Беріш руының бір бөлігін старшын ретінде басқарды.

# ҚУ ЖЕТІМ

Мүсірәлі

**Байсалды, салмақпен**




mf




mf



# АҚСАҚ ҚҰЛА

Мүсірәлі

**Орташа, іркіп**






f
p
f



9
8
6
8
4
8
6
8
9
8
6
8
4
8
4
8
6
8
9
8
9
8
6
8

# Дәулеткерей Шығайұлы



1820 – жылы бұрынғы Бөкей ордасындағы Қара мола деген жерде дүниеге келген. Әкесі Шығайауқатты адам болған. Бірақ, әке жолын қумай қайда барушы еді деп сенген ол ұлын қақпайлап, тәрбиелеген жоқ. Сүйікті ұлы Дәулеткерейді Бөкейхандығының қол астындағы ел–жұртты билеп, төстейтін әкім болады деп ойлады.

Әкесі мен оның әулеті – ағайын тумалары немесе жылдар бойы бұқара халықтың басына әңгір–таяқ ойнатып, қаққанда қанын, соққанда жанын алған би – манаптар болған. Көп көріп, көпті білген соң ғана Дәулеткерей айналадағы өмірге сын көзбен қарап шындықты ұға бастайды. Оның әкімгершілікті үзілді–кесілді талақ етіп тастап, өзін бүгіндей өмір жолына бағыштаған кезеңі де сол тұс еді. Дәулеткерей бала кезінен байқампыл болған. Дәулеткерейдің туған жиені Науша Бөкейхановтың репертуарында күйшінің елуге тарта күйі бар. Наушаның айтуынша, Дәулеткерей әуелі молданың алдын көріп, мұсылманша хат таныған. Кейін орысша үйреніп, оқи да, жаза да алатын болды. Жан – жағында одан өтетін зерек, білімді кісі жоқ болған соң, ол жастайынан-ақ оқымысты бала атанған. Дәулеткерей Шығайұлы 1915 жылы дүние салады.

# САЛАУАТКЕРЕЙ

**Дәулеткерей**

**Жүрдек**





435788

Жұбан Молдағалиев атындағы
Батыс Қазақстан облыстық
ғылыми-әмбебап кітапханасы
Мемлекеттік мекеме
Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы Киров көшесі, 47



# ҚОС ІШЕК

Дәулеткерей

Жүрдек, қажырлы сезіммен




mf
fp
mf
f


mf
mf
fp
mf



# БҰЛ-БҰЛ

Дәулеткерей

Орташа, терең сезіммен

